

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ғылыми-Әдістемелік Кеңес
мәжілісінде бекітілді
№ 6 хаттама, «22» 06 2020 ж.
Оқу жұмысы жөніндегі проректор
_____ А.К. Хикметов

**8D02201 - «САЯСИ ФИЛОСОФИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ
ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ, 2020

Бағдарлама жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жасалған (2018 жылдың 31 қазанындағы № 604 Бұйрық). Бағдарламаны құрастырушылар: философия ғылымдарының докторы, профессор Г.Ж.Нұрышева, докторы, профессор А.Г. Карабаева, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Т.Ю.Лифанова, философия ғылымдарының кандидаты Ж.А. Әміркұлова.

Бағдарлама «Философия» кафедрасының мәжілісінде қарастырылған

Хаттама 2020 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Г.Ж. Нұрышева

Философия және саясаттану факультетінің әдістемелік бюросында мақұлданған

Хаттама 2020 ж.

Әдістемелік бюроның төрайымы _____ М.П. Кабакова

Ғылыми Кеңес мәжілісінде бекітілген

Хаттама 2020 ж.

Ғылыми кеңес төрайымы,

факультет деканы _____ Ә.Р. Масалимова

Ғалым хатшы _____ Ә.Әмірбекова

МАЗМҰНЫ

1. Мамандық бойынша түсу емтиханының мақсаты мен міндеті

Бағдарлама мақсаты: докторантураға түсушілердің саяси философияның негізгі теориялық мәселелері, ғылымның генезисі және адам мен қоғам өміріндегі рөлі, билік философиясы мен қазіргі заман философиясының өзекті мәселелері, әл-Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасы бойынша білімдерін анықтау.

Міндеті:

- философиялық ойлаудың негізгі түсініктері мен категорияларын меңгеру және қазіргі заманғы өзекті мәселелерді кәсіби философиялық тұрғыдан шешу деңгейін айқындау;

- әлемнің ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауды, ғылыми таным философиясының мәні туралы түсінікті және ғылыми қызмет жүргізудің негізгі әдістерін қамтамасыз ететін философиялық білім деңгейін анықтау;

- қазіргі заман философиясының өзекті мәселелері, оның негізгі бағыттары мен өкілдері туралы білімдерін тексеру;

- қазіргі заман аясында әл-Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасы туралы білім деңгейін нақтылау;

- білім философиясының негізгі мәселелері бойынша білімдерін бағалау;

«Қабылдау емтиханының формасы – аралас, жазбаша-ауызша емтихан. Емтихан тапсырушылар жауап парағына емтихан билеттерінің сұрақтарына жауаптарын жазады, емтихан комиссиясына ауызша жауап береді. Апелляцияға беру жағдайында қарастыру кезінде жауап парағы негізге алынады».

2. PhD докторантураға түсуші тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

- философия пәнін және оның негізгі кезеңдері мен тарихи даму ерекшеліктерін білу;

- философия тарихы мен теориясындағы фактілерді, принциптерді және әдістерді қорыта білуді көрсету;

- философияның мәселелеріне, философияның тарихы мен теориясының адамның мәдениеті мен өмірінің стратегиясына әсер етуіне қатысты сұрақтарды талдау;

- «Қазіргі заман философиясының өзекті мәселелері», «Билік философиясы», «Ғылым философиясы мен тарихы», «Әл-Фараби философиясы: қазіргі заманғы оқу» пәндерінің терминологиясын меңгеру;

- билік философиясының табиғаты мен ерекшелігін талдай білу.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

APSP 5102 Қазіргі заман философиясының өзекті мәселелері (3кредит)

IFN 5201 Ғылым философиясы мен тарихы (2 кредит)

FO 5103 Білім философиясы (3 кредит)

4. Емтихан тақырыптарының тізімі

«Қазіргі заман философиясының өзекті мәселелері» пәні

Тақырып 1. Философиядағы өзекті мәселелер.

Әлеуметтік-философиялық саладағы сараптау: сұрақтарды қою ерекшеліктері. Антропологиялық, эпистемологиялық және әдістемелік салалардағы философиялық сараптаудың өзекті мәселелері.

Тақырып 2. Жаһандану жағдайындағы философияның дамуы

Қазіргі заманның өзекті мәселелерін зерттеу аясындағы жаһандық, өркениеттік және модернизациялық үрдістері. Қазіргі заман философиясының өзекті мәселелерін қояды «өркениеттік» және «жаһандық» аспектілері. Философияның өзекті мәселелері және техногендік өркениет пен мәдениет құндылықтары.

Тақырып 3. Қазіргі заманғы ғылым мен мәдениеттегі философия.

Философиядағы инновациялық тенденциялардың ерекшеліктері, негізгі перспективалары. Философиялық мәдениеттегі және философиялық білімдегі инновациялық реалдылық. Инновациялық үрдістердің, өзгерістердің, модельдердің типологиясы және әртүрлілігі және «философиялық моделдеу» қажеттілігі.

Тақырып 4. Қазіргі заманғы философияның өзекті мәселелері – мәдениет пен философиялық ойдың трансформациясының негізі.

Философиялық ойлаудың жаңа түрлері мен философияның қазіргі заманғы тілі туралы сұрақтың өзектендірілуі. Қазіргі заманғы философиядағы «Пәнаралық кеңістік» өзекті мәселе ретінде: философияның когнитология, нейрология, биология және тағы басқа пәндермен байланысы және арақатынасы.

Тақырып 5. Қазіргі философияның жүйелілік сипаты.

Қазіргі заманғы философияның «практикалық» сипаты. Қазіргі заманғы философияның компаративистикалық перспективалары мен модельдері. Мәдениет түрлерінің өзгеруі философиялық пайымдаудың өзгеруі ретінде, философиялық пайымдаудың өзгеруі мәдениет түрлерінің өзгеруі ретінде. Қазіргі заманғы философияның заманауи ғылымның пәнаралық мәртебесінің өзгеруіне ықпалы.

Тақырып 6. Заманауи эпистемологияның өзекті мәселелері.

Қазіргі заманғы философиялық-теориялық эпистемологиялық білімдегі жаңа бағыттар және альтернативтік концепциялар. Конструктивизм және эволюциялық эпистемология.

Тақырып 7. Заманауи философиядағы конструктивистік мәселелер.

Конструктивистік әдіс: тарихы және қазіргі кезеңі. Заманауи философиядағы «конструктивизмнің» мәртебесі. Ғылыми және философиялық конструктивизмдегі негізгі бағыттар мен әдістер. Ғылыми таным мен шығармашылық үрдісіндегі конструктивтендіру (құрастыру). Философиялық конструктивизмнің жағымды және жағымсыз жақтары.

Тақырып 8. Әлеуметтік таным әдістемесінің өзекті мәселелері.

Әлеуметтік философияның принциптері мен әдістемелік негіздемелері. Философиялық антропологияның әдістемелік бағыттамалары. Постмодернизм және заманауи философиядағы тіл мәселесі. Сананың философиялық мәселелері.

Тақырып 9. Қазақ философиясының өзекті мәселелері.

Қазақ философиясын зерттеу әдістемесі және қазақ философиясының даму ерекшеліктері. Қазақ философиясындағы дәстүрлер мен инновациялар. Заманауи қазақ философиясының әлеуметтік-мәдени детерминанттары.

Тақырып 10. Әлеуметтік саланың философиясы мен әдістемесінің өзекті мәселелері.

Әлеуметтік қатынастардың өзекті мәселелері. Әлеуметтік кеңістік пен уақыт әлеуметтік болмыс формалары ретінде. Әлеуметтік-мәдени парадигманың ауысуы кезіндегі әлеуметтік философия. Әлеуметтік-философиялық дискурстың тенденциялары мен перспективалары.

Тақырып 11. Философия мен әлеуметтік теорияның арақатынасының өзекті мәселелері.

«Жаңа» онтология ракурсындағы әлеуметтік шындық және «әлеуметтік тұтастық». Әлеуметтік шындықтың заманауи модельдері. Әлеуметтік болмысты сипаттаудың онтологиялық модельдері. Постклассикалық философия контекстіндегі «әлеуметтілік», «индивидуалдылық» және «Басқа» .

Тақырып 12. Әлеуметтік онтология

«Қоғам» түсінігінің заманауи философияда өзектендірілуі. Әлеуметтік шындықтың жүйелілігі. Әлеуметтік философиядағы саяси және рухани кеңістіктің онтологиясының өзекті мәселелері.

Тақырып 13. Қазіргі заманғы әлеуметтік саланың және коммуникацияның өзекті мәселелері.

Қазіргі заманғы коммуникативті кеңістікті зерттеудің өзекті мәселелері. Коммуникация және әлеуметтіліктің мәні: тарихы және мәселені зерттеудің қазіргі заманғы әдістері. Коммуникация мәселелері: тілдің онтологиясы, әдістемесі, эпистемиологиясы және философиясы. Әлеуметтік феноменология және әлеуметтік топология коммуникацияның мәні мен ролі туралы.

Тақырып 14. Қазіргі қоғамдағы коммуникация мәселелері.

Постмодерн мәдениеті мен философиясындағы коммуникация. Заманауи дәуірдегі коммуникациялар және рационалдылық тағдырлары. Ақпараттық дәуірдегі коммуникация ерекшеліктері. Коммуникация және жаңа технологиялар (мәдениет, әлеуметтік қатынастар, ақпарат, сана, ғылым және тағы басқа салалар). Коммуникацияның жаһандық кеңістігі және оның сипаттамалары.

Тақырып 15. Заманауи коммуникативтік және ақпараттық кеңістіктің онтологиясы, әдістемесі және мәдениеті.

Жаңа ақпараттық технологиялар және постмодернизм. Интернет: коммуникация мен қарым-қатынастың өзекті мәселелері. Интернет: мүмкіндіктер, перспективалар, қауіп-қатерлер (философиялық талдаудың қажеттілігі). Шынайылық және виртуалдылық: жанжалдың мүмкін екендігі. Заманауи мәдениеттегі ғылыми сараптама (ақпараттық аспект).

Тақырып 16. Жаңа ақпараттық технологиялардың әлеуметтік-мәдени перспективалары.

Жаңа коммуникативтік жүйелердің қалыптасу негіздемелері: білімдердің, мағыналардың, құндылықтардың рационалды компоненттерінің перспективаларын философиялық талдау. Заманауи әлемдегі ғылыми коммуникация ұтқырлығының және ғылыми қызметтің тиімділігінің өсуі мәселесі. Заманауи әлеуметтік және ақпараттық кеңістіктегі адамның мәдени феноменінің дезинтеграциясы.

Тақырып 17. Заманауи философиялық антропологияның өзекті мәселелері.

Антропологиялық білімнің біртұтас жүйесіндегі философиялық антропологияның статусы, адамның рухани әлемінің өнімдерін объективтендірумен, заттандырумен байланысты мәселелер мен сұрақтарды қарастыру. Адамды өзінің әлеуметтік болмысын, әлеуметтік қатынастарды, институттарды және формаларды жасаушы ретінде зерттеу.

Тақырып 18. Сана және ойлаудың заманауи контекстеріндегі ақиқаттылық мәселесі.

Философиялық ойлау және қызметтің мәні мен құндылығы. Ақпараттық ағымдар мен мәдениеттегі ақиқаттық, шындық, түпнұсқалық, құндылықтық өлшемдерінің шарттары және жоғалуы мәселесін заманауи бағалау. Қазіргі заманғы мәдениет пен философиядағы сананы децентрациялау феноменін бағалаудың мәні.

Тақырып 19. Заманауи философияда қазіргі заманғы метамәдениеттердің қалыптасуы мәселесі.

Ақпараттық-коммуникативтік ортаның деңгейін философиялық бағалау. Жаңа семиотикалық жүйелер және Интернет. Заманауи ақпараттық қоғамның негізгі өркениеттілік контекстері.

Тақырып 20. Синергетикалық талдау контекстіндегі заманауи философия.

Синергетикалық көзқарас жаһандық мәселелерді шешу әдісі ретінде. Синергетика танымдық үрдіс ретінде. Пәнаралылық және синергетиканың ұстанымдары. Синергетика және постнеклассикалық эпистемологиялық кеңістік. Өзін-өзі ұйымдастырудың философиялық мәнін түсінудің маңызы. Әлеуметтік ортадағы синергетикалық тұғырдың және зерттеу әдістемесінің мағынасы.

Тақырып 21. Гуманитарлық саладағы өзекті мәселелер: әдістемелік, антропологиялық, әлеуметтік-философиялық ракурс.

Жалпы философиялық дамудағы гуманитаристиканың негізгі мәселелері: герменевтикалық, лингвистикалық және т.б. әдістер. Эпистемологиядағы гуманитарлық фактордың мәні.

Тақырып 22. Заманауи философиядағы сана аясын зерттеудің өзекті мәселелері.

Сана философиясындағы натурализм және оның мәселелері. Сана философиясы және ғылым. Адам психикасындағы саналылықтың және бейсаналылықтың арақатынасы. Сана философиясы және постмодернизм. Жасанды интеллект тұжырымдамасы.

Тақырып 23. Қазіргі заманғы философиядағы тіл саласын зерттеудің өзекті мәселелері.

XX ғасырдағы әлеуметтік-гуманитарлық талдау персоналийлері: тіл саласын талдау; түсіну саласын талдау; интерпретация саласын талдау; мәтін саласын талдау; семиотика саласын талдау (постструктурализм, постмодернизм және басқа бағыттар). Тіл және ұлт. Қазақ тілі мен қазақ халқының дамуындағы латын әліпбиіне көшудің рөлі

Тақырып 24. Білім, ғылым және әлеуметтік-гуманитарлық танымды философиялық зерттеудің пәндік өрісінің динамикасы және өзектенуі.

Әлеуметтік-гуманитарлық білім және философия саласындағы үрдістердің әлеуметтік-философиялық және әдістемелік ракурстері, философияның қызметінің, заманауи мәдениет пен заманауи ғылымды рефлексивтік бағлаудың әдістемелік арақатынасының өзгеруі.

«Ғылым тарихы және философиясы» пәні

Тақырып 1. Ғылым философиясы және әдістемесі философиялық білімнің саласы ретінде.

Әдістемелік концепциялар мен мәселелердің алуан түрлілігі. Ғылымды зерттеудің негізгі аспектілерінің ерекшелігі және бір-бірімен байланысы: ғылым логикасы, ғылым философиясы, ғылым тарихы, ғылым социологиясы, ғылым психологиясы және басқа бағыттар.

Тақырып 2. Ғылым тарихының статусы және мәселелері.

Ғылым тарихының дамуын пән ретінде бағалау. Ғылым философиясының және ғылым тарихының өзара байланысының ерекшеліктері. Ғылым философиясының әдістемелік негіздері.

Тақырып 3. Мәдениет пен өркениеттегі ғылым.

Мәдениет жүйесіндегі ғылым. Ғылымның қоғамдағы орны мен қызметтері. Ғылым және философия. Ғылым жетістіктерін философиялық ұғыну. Философиялық бұжырымдардың ғылым дамуына ықпалы. Ғылым және өнер. Ғылым және дін. Ғылымының әлемді діни қабылдауға тигізген әсері. Ғылымның әлеуметтік статусы және дінге қатынастың өзгеру динамикасы. Ғылым және білім беру.

Тақырып 4. Ғылымның дүниетанымдық аспектілері.

Ғылым өндірістік күш ретінде. Ғылымның гуманистік көкжиектері. Ғылым және адамгершілік. Ғылымның аксиологиялық статусы. Ғылымдағы тұлға. Ғылым тарихының әлеуметтік жақтары. Ғылымдағы әлеуметтілік табиғаты мәселе ретінде. Ғылыми ойлар тарихындағы философия. Ғылымның философиялық және әдістемелік мәселелері зерттеудің жеке саласы ретінде.

Тақырып 5. Ғылым тұжырымдамалары: ғылым философиясындағы және әдістемесіндегі негізгі тұғырлар. Ғылымның заманауи тұжырымдамаларын классификациялау: неопозитивизм, ғылыми зерттеу логикасы, ғылым онтологиясы, ғылымның постпозитивистік бейнесі.

Тақырып 6. Ғылымның пайда болуы. Ғылымның тарихи динамикасының негізгі кезеңдері.

Ғылымның пайда болуы мәселесі. Ғылымның пайда болуы практикалық және танымдық қызмет тәжірибесін жинақтау және білімнің ерекше түрін қалыптастыру ретінде. Ғылымның теориялық модельдерінің және ғылым тарихының өзара қатынасы. Ғылым және миф. Ғылым және технология. Ежелгі мәдениет адамының дүниеге қатынасының және дүниені түйсінуінің ерекшеліктері және алдыңғы ғылым.

Тақырып 7. Ғылымның пайда болуының әлеуметтік-мәдени алғышарттары.

Ғылымның әлеуметтенуі, ғылымның институттануы. Жаратылыстанудың құрылу ерекшеліктері, Жаңа дәуірдегі тәжірибе жүргізуші ғалымның рөлі. Заманауи ғылымды батысеуропалық өркениеттің туындысы ретінде қарастыру. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың қалыптасуы. Қазіргі заманғы ғылымның ерекшеліктері және ғылым әлемінің өзгеруі. Ғылым және адамзат тарихындағы технологиялық революциялар. Қоғамды әлеуметтік ұйымдастыру типологиясы – технология және өндірістің дамуы көзқарас тұрғысынан алғанда іргелі ғылымдардың жетістіктерін ұғыну.

Тақырып 8. Ғылыми білімнің құрылымы.

Ғылыми білім – күрделі дамушы жүйе. Ғылыми білімнің алуантүрлілігі. Ғылымдағы теориялық және эмпирикалық, іргелі және қолданбалы. Ғылым интеграциясының және дифференциациясының негізгі тенденциялары. Зерттеудің пәнаралық бағдарламалары. Ғылым негіздемелерінің типологиялары мәселесі. Ғылыми теория ғылым компоненті ретінде. Ғылымның философиялық негіздемелері. Ғылыми пәннің құрылымы. Әлемнің ғылыми және философиялық бейнесі. Әлемнің ғылыми бейнесінің тарихи формалары. Ғылымдарды классификациялау мәселесі.

Тақырып 9. Ғылыми революциялар. Ғылыми рационалдылық.

Ғылымның динамикасы. Ғылым тарихының модельдері. Ғылым мен ғылыми білімнің даму концепциялары. Ғылыми революциялардың мәні. Ғылыми революциялардың құрылымы. Ғылыми революциялар ғылым негізін қайта құру ретінде. Ғылыми революциялардың типологиясы. Ғылыми революциялар концепциялары. Ғылымдағы революциялық қайта құрылулардың факторлары. Ғылыми революциялардың әлеуметтік-мәдени алғышарттары. Ғылыми революциялар және парадигмалар. Ғылыми қауымдастық парадигмасы және құрылымы. Ғылым динамикасындағы революциялар мен дәстүрлер. Ғылыми рационалдылық түсінігі, ерекшелігі, концепциялары.

10 тақырып. Қазіргі заманғы ғылым деңгейінің ерекшеліктері.

Қазіргі заманғы постбейклассикалық ғылымның сипаттамасы. Ғылыми зерттеудің жаңа стратегиясы және өздігінен дамиды синергетикалық жүйені меңгеру. Пәнаралық синергетика және синергетика қағидаты.

11 тақырып. Зерттеу қызметіндегі құндылықтар.

Ғылым этосы. XX ғ. соңындағы ғылымның этикалық аспектілері және ғылымдағы гуманитарлық бақылау. Ғылыми-техникалық жобалардың экологиялық және әлеуметтік-қоғамдық сараптамасы. Бейтарапты-құндылықтық зерттеу идеясының дағдарысы. Экологиялық этика және ғылым. Сциентизм және антисциентизм. Мәдениеттегі ғылымның жаңа жүйелері. Ғылымның жаһандық контекстісі. Ғылыми ақпараттың ғылымның өсуі және ғылым әлемінің өзгеруі.

12 тақырып. Ғылымәлеуметтік институт ретінде.

Ғылыми қызметті ұйымдастыру: құрылымы, белгілері, өлшемдері. Ғылымға әлеуметтік институт ретінде көзқарас: негізгі әдістері. Ғылыми қызметтің институционалдық түрлерінің тарихи дамуы: негізгі ағымдары. Ғылыми қоғамдастықтардың тарихи типтері. Ғылыми мектептер мен ғылыми бағыттар туралы түсінік. Ғылыми білімді транляциялаудың формалары мен тәсілдері: тарихи динамика. Ғылыми қызметке кәсіби талаптар.

13 тақырып. Ғылыми қоғамдастықтардың құндылықтары мен нормалары.

Ғылымның құндылықтық өлшемде институтталуы. Ғылымның компьютерленуінің маңызы мен әлеуметтік салдарлары. Ғылым және билік. Ғылым және экономика. Ғылым

және нарықтық қатынастар. Ғылым және әлеуметтік жауапкершілік. Ғылым – қазіргі заманғы мемлекеттің қызметінің басты бағыты.

14 тақырып. Қазіргі ғылыми білімнің құрылымындағы жаратылыстану ғылымдары.

Жаратылыстану ғылымдары және мәдениет. Жаратылыстану және техниканың дамуы. Жаратылыстану және қоғамның әлеуметтік өмірі. Жаратылыстану және дүниенің ғылыми бейнесі.

15 тақырып. Жаратылыстану ғылымдарының классификациясы.

Физика және гуманитарлық білім мен жаратылыстанулық-ғылыми білімнің синтезі. Синергетиканың осы синтездегі рөлі. Биология және дүниенің қазіргі заманғы эволюциялық бейнесінің қалыптасуы. Биологиялық эволюциялық теориядан ғаламдық эволюционизмге. Математикалық әдістер және ғылыми білімнің қалыптасуы. Космос және техногенді өркениеттің ғаламдық мәселелері. Астрономия және адамзаттың ғарыштық болашағының келешегі. Алғашқы техникалық ғылымдар қолданбалы жаратылыстану ретінде.

16 тақырып. Информатика пәнаралық ғылым ретінде.

Ақпараттық қоғам туралы концепциялар: Пителир
Сорокиннен Эмануэль Кастельске дейін. Ақпараттық қоғамның пайда болуы. Әлеуметтік
информатика мәселелерін синергетикалық тұрғыдан қарастыру.
Желілік қоғам және әлеуметтік информатика міндеттері.
Ақпараттық қоғамдағы тұлғамәселесі. Қазақстанның үшінші модернизациясындағы сандық технологиялар.

17 тақырып. Компьютерлік төңкерістің эпистемологиялық мазмұны.

Киберкеңістік Ғаламтор түсінігі және оның философиялық мағынасы. Ғаламтор жаңа әлеуметтік технологиялар құралы ретінде. Ғаламтор – 21 ғасыр ғылымының ақпараттық-коммуникативтік ортасы және үздіксіз білімнің жаһандық ортасы. Информатикалық қауіпсіздік мәселесі: гуманитарлық құрамдастық. Информатикадағы реалдылық мәселесі. Ақпараттық-коммуникативті реалдылықты пәнаралық интегративті концепт ретінде түсіну.

18 тақырып. Қоғам, мәдениет, тарих және адам туралы ғылымдардың қалыптасу тарихы.

Философия – ғылыми білімдердің интегралды формасы. Ғылыми білімнің пәндік құрылымының әлеуметтік-мәдени шартталығы: әлеуметтану, саясаттану, мәдениет туралы ғылым – қоғамның жеке салаларын танып-білудегі салыстырмалы түрде толыққандылықтың көрінісі. Посткеңестік кеңістіктегі, еуропалық және әлемдік ғылыми қоғамдастықтардағы әлеуметтік ғылымдар. Қазақстандағы әлеуметтік әдістеменің және әлеуметтік білімнің жаңа парадигмасы.

19 тақырып. Ғылымның пәндік үлгісі.

Ғылыми білімнің негізгі құрылымдық бірліктері. Ғылыми білімнің эмпирикалық және теоретикалық деңгейлері. Ғылыми теориялардың түрлері: сипаттамалық және түсіндірмелік теория. Ұғымдарды эмпирикалық интерпретациялау және теорияларды бекіту мәселесі. Ғылыми теорияның негізгі функциялары: сипаттау, түсіндіру, болжау. Ғылыми әдістердің көптүрлілігі және олардың классификациясы. Нақты ғылымдардың әдістері. Ғылыми теорияны тексерудің логикалық схемасы.

20 тақырып. Нақты ғылымдардың философиялық мәселелері.

Физика, химия, астрономия, космология, математика, информатика, биология және экология, медицинаның, Жер туралы ғылымдардың (география, геология), техниканың философиялық мәселелері. Гуманитарлық, саяси және экономикалық ғылымдардың, психология, филология, әдебиеттану және лингвистиканың, тарихи, педагогикалық ғылымдардың, мәдениеттану, өнертану, әлеуметтанудың философиялық мәселелері. Қазақстан ғылымның келешегі. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тілінде 100 жаңа оқулық» жобасының ұлттық ғылым мен білім беруді дамытудағы үлесі.

"Билік философиясы" пәні

1 тақырып. Билік философиясының тұжырымдамасы мен мәртебесі

Билік философиясының тұжырымдамасы. Билік философиясының объектісі, пәні, құрылымы, қызметтері. Практикалық философия билік философиясы ретінде. Әлеуметтік-гуманитарлық, философиялық және саяси ғылымдар жүйесіндегі билік философиясы. «Кратология» түсінігі және оның ғылыми мәртебесі. Билікті зерттеудің пәнаралық сипаты.

2 тақырып. Билік және биліктегі қатынастар философиялық талдаудың пәні ретінде.

Билік және биліктегі қатынастар түсінігі. Әлеуметтік және саяси философиядағы билікті түсіну. Қоғам үшін маңызды ресурстарды бақылаушы ретіндегі билік. Биліктің онтологиясы және аксиологиясы. Билікті зерттеуге негізделген «мәртебелік тәсіл». Билік анықтамасының көп мағыналылығы.

3 тақырып. Саяси билік

Саяси философияның объектісі мен пәні. Философия тарихындағы саяси философияның мәселелері. Саяси биліктің мәні мен құрылымы. Саяси қатынастар биліктің иерархияландырылған деңгейлері ретінде. Саясаттағы рационалдық және иррационалдық.

4 тақырып. «Философия тарихындағы биліктің негізгі қағидалары».

Философия тарихындағы билікті зерттеудің басты тәсілдері: Антика дәуірі (Платон, Аристотель және т.б.), Жаңа дәуір (Т.Гоббс, Д. Юм, Н. Макиавелли, Дж. Ф. Бонавентура, Б. Спиноза, Ж.-Ж. Руссо, К. Маркс және т.б.).

5 тақырып. XX ғасыр философиясындағы билік теориялары

XX ғасыр философиясындағы билік теориялары - М. Вебера, В. Парето, К. Ясперса, Ф. Хайека, Л. Грамши, Г. Маркузе, К. Поппера, Р. Арона, Х. Арендт, Э. Карделя, Э. Канетти, Л. Турэна, М. Крозье, Н. Лумана, Ю. Хабермаса, Дж. Ролза және т.б. ғалымдар.

6 тақырып. Билік теориясындағы биологиялық тәсіл

Биологиялық тәсілдің мәні және негізгі қағидаларды талдау (Ваккаро В., Дюверже М., Зуб А., Шальмайер Ф. және т.б.) Билік табиғаттың өзі анықтаған, қоғамдағы табиғи жағдай ретінде. Биологиялық негіз ретінде адам табиғатындағы биліктің негізін қалау.

7 тақырып. Антропологиялық және әлеуметтік тәсіл

Антропологиялық тәсіл (Вебер М., Саутхолл А. және т.б.) Психологиялық тәсіл (Вятр Е., Егорова Е.В., Крамник В.В., Юрьев А.И. және т.б.) – билікті адамның қабылдау тұрғысынан негіздеу. Әлеуметтік тәсіл (Бурдые П., Вятр Е., Шестопал Е.Б.және т.б.) және бір әлеуметтік топтың екіншісіне саяси ықпал етуге билік мәліметтері .

8 тақырып. Биліктің әр түрлі парадигмаларына салыстырмалы талдау

Биліктің реляциялық, волонтарлық және жүйелік парадигмасы: салыстырмалы тәсіл. Биліктің релятивистік қағидасы. Билік феноменін түсінудегі жүйелік тәсіл. Психоанализ қағидасы және билік мәселелері. Антропологиялық тәсіл. Философиялық тәсіл пәнаралық синтездің мүмкіндігі ретінде.

9 тақырып. Әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі билік

Билік философиясының категориялық аппараты: билік, биліктегі қатынастар, көшбасшылық, бедел, күш, ықпал, үстемдік. Биліктің негізі. Билік ресурстарды бақылаушы ретінде. Билік субъектінің өз еркін жүзеге асырушы, беделді адамдардың, құқықтың, зорлық-зомбылықтың және тағы басқа құралдардың көмегімен адамдардың іс-әрекетіне белгілі ықпалын тигізуші қабілет пен мүмкіндік ретінде.

10 тақырып. Биліктің құрылымы, мәні, негізі: әлеуметтік-философиялық тәсіл

Биліктегі қатынастардың құрылымы. Қоғамдық билік түсінігі. Билеушілерді жіктеу және сипаттау: бюрократия, наукократия, плутократия, партократия, ритократия, технократия, демократия, автократия.

11 тақырып. Биліктің бастаулары

Биліктің жеке бастаулары: сараптамашының билігі, харизма билігі, ақпарат билігі, иландыру билігі. Биліктің ұйымдастырушылық бастауы: шешімдерді қабылдау билігі, марапаттау билігі, мәжбүрлеу билігі, ресурстарды бақылау билігі, байланыс билігі, салт-дәстүрлер билігі. Биліктің тиімділік қағидалары.

12 тақырып. Биліктің типологиясы

Билікті анықтау түрлері. Билік әрекетті анықтаудың ерекше түрі ретінде (бихевиористік); белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу билігі (телеологиялық); билік басқарушы мен басқарылушы арасындағы ерекше қарым-қатынас түрі (структуралистік); билік өзі атқаратын қызмет тұрғысынан (функционалистік); билік әлеуметтік шиеленістерді шешу формалары мен әдістері тұрғысынан (конфликтологиялық). Билік құрылымы. Билік мәдениеті. Билік легитимациясы (заңды деп табылуы).

13 тақырып. Билік онтологиясы

Биліктің онтологиялық мәртебесі туралы мәселенің қойылуы. «Жаттанған шындық» («отчужденной реальности») ретіндегі билікке философиялық анықтама. «Саяси онтология» және «билік онтологиясы» түсініктерінің айырмашылығы. Билік болмысының аспектілері: әлеуметтік аспект, психологиялық аспект, гносеологиялық аспект, ұйымдастырушылық аспект, саяси аспект.

14 тақырып. Билік антропологиясы: билік және тұлға

Адам биліктегі қатынастардың субъектісі мен объектісі ретінде. Еркіндік пен билік, «үстемдік-бағыну» негізгі қоғамдық қатынастарының көпқырлы, тарихи нақты формаларының қалыптасуы мен қызмет етуі және әлеуметтік нормаларда кодификациялануы. Билік жаттанған (отчужденная) және өзгертілген еркіндік формасы ретінде. Харизмалы тұлғаның сипаттамасы.

15 тақырып. Билік және еркіндік

Билік философиясының саяси философиясы тұрғысынан бостандық мәселесін философиялық талдау. Либертариандық адамның құқықтары мен бостандықтарына баса назар аударатын қазіргі либерализм үрдісі ретінде. Либертарианизмнің негізгі идеялары: шектен тыс даралылық, жеке құқықтар, өздігінен орнаған тәртіп және т.б. Либертариандықтың өкілдері: Милтон Фридмен; Мюррей Ротбард; Айн Рэнд; Роберт Нозик.

16 тақырып. Билік және көшбасшылық.

Лидерлік қасиеттерді талдаудағы жеке көзқарастар. Көшбасшылық сапалар теориясы Д. Мак-Грегора, Р. Стогдилл, У. Бенниса. Көшбасшылық теориясына мінез-құлықты көзқарас. К. Левин бойынша көшбасшылықтың үш стилі теориясы, «менеджмента торкөздері» Р. Блейка және Дж. Моутон, Р. Лайкерт бойынша көшбасшылықтың төрт жүйесі.

17 тақырып. Тоталитаризм феномені

Тоталитаризм феномені: әлеуметтік және жеке себептері. Тоталитаризм тұжырымдамасы Х.Аренд. Тоталитаризмнің негізгі белгілері. Тоталитарлық қоғамдағы тұлға.

18 тақырып. Постмодернистік философиядағы билік теориясы

Қазіргі замандағы постмодернистік философияның билік қағидалары: «микрофизика», «билік эпистемологиясы», «билік генеалогиясы» (М. Фуко), «билік номадологиясы» (Ж. Делёз, Ф. Гваттари), «биліктің психоанализі» (Ж.Лакан), «билік семиотикасы» (Ж. Деррида).

19 тақырып. Білім және билік. Билік дискурсы.

М. Фуконың билік тұжырымдамасы. Тіл және билік. М.Фуко тұжырымдамасындағы білімдер мен биліктің контаминациясы. Саяси билікті талдауға дискурсивті көзқарас. Джудит Батлер: билік психикасы және субъекция теориясы. Саяси өріс және әлеуметтік капитал тұжырымдамасы аясындағы саяси билік. Саяси лингвистика.

20 тақырып. Қазіргі заманғы әлемдегі билік.

Демократиялық универсумдағы «билік» және «бедел». Билік философиясы аясында адам құқықтары бойынша пікірталастар. Билік және бұқаралық коммуникация. Билік және бедел. Билік және ерік. Билік және ақыл-ой. Билік және эрос. Бұқара және билік. Билік феноменологиясы.

5. Ұсынылатын әдебиет:

Негізгі әдебиет:

1. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. <http://www.akorda.kz>.
2. Назарбаев Н.А. Мәңгілік Ел. Годы, равные векам. Эпоха, равная столетиям. – Астана: Деловой мир Астана, 2014. – 368 с.
3. Назарбаев Н.Ә. Мемлекеттілікті нығайту жолындағы бес институционалдық реформа. Астана, 12 наурыз, 2015 ж.
4. Әл-Фараби және қазіргі заман. Мұтанов Ғ.М. ред. Алматы, 2014.
5. Алексеев П.В. Власть. Философия. Наука. - М.: Проспект, 2014. - 448 с.
6. Мырзалы С.К. Ғылымның тарихы мен философиясы. – Алматы: Бастау, 2014.
7. Алтаев Ж.А. Ғылым тарихы мен философиясы. Алматы, 2017.
8. Дерек Джонстон Философияның қысқашатарихы. Сократтан Дерридаға дейін / Ғылыми ред. Нұрышева Г.Ж. – Астана, 2018.
9. Реми Хесс. Философияның таңдаулы 25 кітабы. / Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.
10. Энтони Кенни Батыс философиясының жаңатарихы. 1-том: Антика философиясы / Науч. редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018
11. Энтони Кенни Батыс философиясының жаңатарихы. 2-том: Орта ғасыр философиясы / Науч. редактор Оспанов С. – Астана, 2018

Қосымша әдебиет:

1. Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алматы, 2014.
2. Касымжанова А.Х. Аль-Фараби. – Алматы, 2000.
3. Степин В.С. История и философия науки. – М.: Академический Проект, 2011. – 423 с.
4. Кун Т. Структура научных революций. - М.: Изд. АСТ, 2011.
5. Поппер К. Логика и рост научного знания. - М.: Прогресс, 2010.
6. Фуко М. Интеллектуалы и власть В 2-х ч.. М.: Практика, 2005. – 248 с.
7. Тоффлер Э. Метаморфозы власти. – М.: Изд-во АСТ, 2009. – 669 с.
8. Халипов В.Ф. Власть: Кратологический словарь // <http://books.imhonet.ru/element/114318/>

1. Білімдерді бағалау шкаласы

Әріптік жүйе бойынша бағасы	Баллдардың сандық эквиваленті	%-тік мазмұны	Дәстүрлік жүйе бойынша бағасы
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық

C	2,0	65-69	Қанағаттанарлықсыз
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	

Емтиханды өткізу барысында білімдерін бағалау келесі критерийлерге сүйенеді:

Емтиханды өткізу барысында білімдерді бағалау келесі критерийлерге сүйенеді:

«Үздік» баға – барлық бағдарламалық материал бойынша терең білім, қарастырылып отырылған үрдістер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын түсіну, пәннің негізгі тұжырымдамалары бойынша нақты білім, емтихан билетінің барлық сұрақтары мен емтихан комиссиясы мүшелерінің қосымша сұрақтарына логикалық тұрғыда дәйекті, мағыналы, толық дұрыс және нақты жауаптар, сұрақтарға берілген жауаптарда барлық ұсынылған әдебиетті қажетінше қолдану.

«Жақсы» бағасы – барлық бағдарламалық материал бойынша нақты және толық білім, қарастырылып отырылғын үрдістер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсіну; жекелеген сұрақтар бойынша ескертулерді еркін түзетуде дәйекті, мағыналы, дұрыс және нақты жауаптар.

«Қанағаттанарлық» бағасы – бағдарламаның негізгі сұрақтарын түсіну және нақты білім, қойылған сұрақтарға қатесіз жауаптар, емтихан қабылдаушылардың көмекші сұрақтары арқылы маңызды емес қателер мен дәлелсіздіктерді жоя білу, сұрақтарға жауап беруде ұсынылған әдебиетті жеткіліксіз дәрежеде қолдану.

«Қанағаттанарлықсыз» бағасы – негізгі сұрақтардың біреуіне болса да дұрыс жауап бермеу, жауапта дөрекі қателердің болуы, қарастырылып отырған сұрақтарды түсінбеу, қосымша сұрақтарға сенімсіз және дәл емес жауаптар.